

2016 жылға арналған басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 226 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 желтоқсанда № 6723 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидасының 10-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 болып тіркелген) Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2016 жылға арналған Науырзым ауданы бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне қосу үшін ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 20 маусымнан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

2016 жылға арналған Науырзым ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін өтінімдерді ұсыну мерзімдері

| № | Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері | Субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін өтінімдерді ұсыну мерзімдері |
|----|---|--|
| 1 | Жаздық жұмсақ бидай | 20 маусымнан 9 қыркүйекке дейін |
| 2 | Жаздық қатты бидай | 20 маусымнан 9 қыркүйекке дейін |
| 3 | Сұлы, арпа | 20 маусымнан 9 қыркүйекке дейін |
| 4 | Тары, қарақұмық | 20 маусымнан 9 қыркүйекке дейін |
| 5 | Мақсары | 20 маусымнан 9 қыркүйекке дейін |
| 6 | Картоп | 20 маусымнан 9 қыркүйекке дейін |
| 7 | Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс | 20 маусымнан 9 қыркүйекке дейін |
| 8 | Бақша дақылдары | 20 маусымнан 9 қыркүйекке дейін |
| 9 | Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер | 20 маусымнан 9 қыркүйекке дейін |
| 10 | Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жанарту және (немесе) түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер | 20 маусымнан 9 қыркүйекке дейін |